

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы « 5 » ақпандағы
№ 42 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасында:

«Міндеттер» деген 4.3-бөлімнің «Гранттық қаржыландырудың» «Гранттар беру шарттарындағы» төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Грант қаражатын мемлекет нысаналы гранттар ұсыну үшін өткізілетін кәсіпкерлерді іріктеу жөніндегі конкурстардың қорытындылары бойынша Бағдарламаның жергілікті үйлестірушісі арқылы ұсынады. Бұл ретте Бағдарлама шеңберінде оқыту құрауыштары сертификаттарының болуы конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.».

2. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысында:

көрсетілген қаулымен мақұлданған «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

кіріспедегі «Мемлекеттік жастар саясаты» деген сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға, болашақ ұрпақтың қалыптасуы мен жан-жақты дамуына арнайы жастар бағдарламалары ғана емес, сол сияқты бүгінде елімізде іске асырылып жатқан білім беруді, денсаулық сақтауды, тілдерді дамытудың, үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың ауқымды мемлекеттік бағдарламалары; «100 мектеп, 100 аурухана», «Балапан», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламалары бағытталған.»;

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру көзделетін

нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі» деген 3-бөлімнің 8) тармақшасы алып тасталсын.

3. «Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

«Тұжырымдаманы іске асыру болжанып отырған нормативтік-құқықтық актілер тізбесі» деген 3-бөлімнің 9-тармағы алып тасталсын.

4. «Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарын дамыту жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған шаралар кешенін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1289 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарын дамыту жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған шаралар кешенінде:

реттік нөмірі 22-жол алып тасталсын.

5. «Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерінде:

«Қоныстандыру және өндіргіш күштерді орналастыру жүйесі» деген 1-бөлімнің «Демографиялық жағдайды жақсарту мен көші-қон процестерін реттеудің негізгі бағыттары» деген кіші бөлімінде:

жиырма үшінші бөліктің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) ҮИИДМБ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 қаулысымен бекітілген Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасымен және басқа да бағдарламалармен үйлестіре отырып, жұмыс күшіне тапшылықты сезінетін өңірлерге еңбекке қабілетті халықтың ішкі көші-қонын ынталандыру.»;

жиырма төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс берушілердің жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемелерін ескере отырып, тұрғын үй құрылысы мен халықты көшіру еңбек ресурстарына қажеттілігі бар өңірлерде ғана жүзеге асырылатын болады. Жұмыс берушінің қажеттілігін негізге ала отырып, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті көшуіне ықпал ету және жастардың бейімделуі үшін жағдай жасау есебінен іске асырылады.».

6. «Көші-қон проблемаларын шешу, шектес мемлекеттерден көші-қон ағындарын бақылауды күшейту, отандық білікті кадрлардың шетелдік еңбек нарығына шамадан тыс кетуін болдырмау үшін оларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі 2014 – 2016 жылдарға арналған кешенді жоспар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1593 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген көші-қон проблемаларын шешу, шектес мемлекеттерден көші-қон ағындарын бақылауды күшейту, отандық білікті кадрлардың шетелдік еңбек нарығына шамадан тыс кетуін болдырмау үшін оларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі 2014 – 2016 жылдарға арналған кешенді жоспарда:

«Қазақстан Республикасы үшін көші-қон саясатының моделін таңдау және қазіргі кездегі проблемаларды шешудің ұсынылатын жолдары» деген 3-бөлімнің «Ішкі көші-қон ағындарын есепке алу және болжауды жетілдіру» деген кіші бөліміндегі үшінші бөлік алып тасталсын.

7. «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының екінші кезеңін (2014 – 2015 жылдар) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 254 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының екінші кезеңінде (2014 – 2015 жылдар):

реттік нөмірі 28-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Аумақтарды дамыту бағдарламаларының шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын пайдалана отырып, мүгедектерді нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту»;

реттік нөмірі 34-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Аумақтарды дамыту бағдарламаларының шеңберінде паспорттаудан өткен объектілерді бейімдеу».

8. «Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын және Әлеуметтік жаңғыртудың 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

«Кіріспе» деген 1-бөлімнің «Әлеуметтік қорғау және еңбек нарығы» деген 3-кіші бөліміндегі «Негізгі жетістіктер» деген жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыссыздарға мемлекеттік көмек негізділік қағидаттарында беріледі. Жұмыссыз адам жұмысқа орналасу үшін күш-жігерін салады, ал мемлекет оған осы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.»;

«Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту стратегиясы» деген 3-бөлімнің үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілген салаларды дамытудың ұзақ мерзімді бағыттары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан», «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламаларында айқындалған.»;

«Тұжырымдаманы іске асыру болжанатын нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі» деген 4-бөлімнің 26-тармағы алып тасталсын.

9. «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасында:

«Кіріспе» деген 2-бөлімнің он бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте Бағдарламаның бағыттары қабылданған мемлекеттік және салалық бағдарламаларда, әсіресе «Су ресурстарын басқару», «Бизнестің жол картасы 2020», «Агробизнес 2020» сияқты бағдарламаларда белгіленген негізгі салалық басымдықтармен тікелей байланысты.»;

«Бағдарламаны іске асыру кезеңдері» деген 5-бөлімде:

«Бірінші деңгейдегі» қалаларды (Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар) дамыту» деген 1-кіші бөлімнің алтыншы бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мемлекеттік және салалық бағдарламаларда көзделген құралдарды қолдану («Бизнестің жол картасы 2020», туризмді, көлік пен коммуникацияларды және басқаларды дамыту).»;

«Тірек ауылдық елді мекендерді қоса алғанда, ауылдық аумақтарды дамыту» деген 4-кіші бөлімнің тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру тірек АЕМ-ді дамытудың кешенді жоспарында көзделген іс-шараларға сәйкес мемлекеттік және салалық бағдарламалардың (Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың, Қазақстанның су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламалары, көлік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы) шеңберінде көзделген қаражат есебінен, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.».

10. «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 752 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 10-жол алып тасталсын.

11. «Салалық бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1056 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген салалық бағдарламалардың тізбесінде:

реттік нөмірі 4-жол алып тасталсын.

12. «Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 қазандағы № 1093 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасында:

реттік нөмірі 22-жол алып тасталсын.

13. «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1159 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 261-жол алып тасталсын.
